

**«Қ.Тұрсынқұлов» атындағы мектеп-гимназиясында
Өзін-өзі басқару ұйымының сайлауы.
Мәліметі**

«Қ.Тұрсынқұлов» мектеп-гимназиясында «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жан-жақты жүргізу, қоғамдағы балалар ұйымының рөлін арттыру, мектептегі оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025 жылдың қыркүйектің 19-ыншы күні өзін-өзі басқару Адал азамат біртұтас тәрбие ұйымында президент сайлауы өткізілді.

Мектепте президент болуға 9-10 сынып оқушылары ішінен 6 оқушы өз өтініштерін тапсырды. Өтініштері қанағаттандырылып, сайлау алды бағдарламалары әзірленді. Олар:

Зұлпыхар Фариза - 9 «А» сынып оқушысы

Амангелді Көркем - 10 «А» сынып оқушысы

Әмірсейт Нұрай - 9 «А» сынып оқушысы

Умар Шырын - 9 «А» сынып оқушысы

Әмірәлі Шұғыла - 9 «А» сынып оқушысы

Жарқынбек Шұғыла - 10 «А» сынып оқушысы

Президент сайлауға барлығы 173 дауыс беруші қатысты. Сайлаудың нәтижесі бойынша үміткерлердің жинаған дауыстары төмендегідей болды:

Зұлпыхар Фариза – 15,2%

Амангелді Көркем – 14,4%

Әмірсейт Нұрай - 16,2%

Умар Шырын - 14,4%

Әмірәлі Шұғыла – 5,7%

Жарқынбек Шұғыла – 34,1%

9 «А» сынып оқушысы Зұлпыхар Фариза мектептің президенті атанды. Амангелді Нұрай президенттің бірінші орынбасары, Умар Шырын президенттің екінші орынбасары болып тағайындалды.

Жалпы 2-4 сынып «Жас қырандар» - оқушы

6-11 сынып «Жас ұландар» - 617 оқушы

1-сынып «Жас қыран» ұйымына қабылданатын оқушылар саны: -128 оқушы

5-сынып «Жас ұлан» ұйымына қабылданатын оқушылар саны: -131 оқушы

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 8-10 сынып аралығындағы оқушылар саны -85

Тәлімгер  Дәутбаева Г




Мәлімет

**Отбасы – қоғамның ең басты негізгі,
ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы. «Ұлы
алған тәрбиені ұрпағына береді» дегендей,
әрбір адамның адам болып қалыптасуы
отбасынан басталады**

**«Менің отбасым – менің байлығым» сурет
байқауында.**

«Отбасы күні» мерекесіне орай

«Менің отбасым-менің байлығым» атты сурет
байқауында марапатталды.



Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 29.09-03.10.25ж аралығында өтетін 1 қазан Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты онкүндіктің іс-шарасы

К/с	Атқарылатын іс-шаралар	Өтілу формасы	мерзімі	Жауапты
1	«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты апталықтың іс-шарасы	Іс-шара жасау	19.09.25ж	ДТЖО Досалиева Ұ
2	«Мектеп айнасы» газет шығару. Өзін-өзі басқару ұйымы.	Қабырға газетін шығару.	29.09.25ж	Тәлімгер
3	«Қарияға қол ұшын соз»	Тәрбие сағаттары 1-11 сыныптар	29.10.25ж	Сынып жетекшілер
4	«Қарты бар үйдің қазынасы бар» Биланова Светлана Уалиханов 95 үй Тайганова Лиза Өтемісұлы 20/2	Қарттарға көмек көрсету	30.09.25ж	8 «Г» Темирова А 9 «Б» Жұмағұлова Г
5	Ерназарова Күлаш атындағы 110 кабинет	Қарттар күнімен құттықтау	30.09.25ж	4 «А» Шушбаева Н 2 «А» Қазбекова Г
6	Жантасова Боранкүл атындағы 112 кабинет	Қарттар күнімен құттықтау	30.09.25ж	1 «Ә» Асанбекова П 3 «Б» Құлыбаева Х
7	Қызылбаев Тұрғын атындағы 216 кабинет	Қарттар күнімен құттықтау	01.10.25ж	4 «В» Батырбекова F 1 «Д» Керімбаева З
8	Төлепов Абдан атындағы 215 кабинет	Қарттар күнімен құттықтау	01.10.25ж	3 «Д» Тағаева Ұ 3 «В» Кульбаева Б
9	«Қариялы ел- қазыналы ел»	Мерекелік концерт	29.10.25ж	Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы
11	Онкүндікті қорытындылау. Белсенді қатысқан сыныптар мен оқушыларды марапаттау		04.10.24ж	ДТЖО Ж.Жантасов Ұ.Досалиева

Іс-шараны түзген: *Досалиева* Досалиева

Қарттар күні



Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 1- қазан - қарттар күні мерекесіне орай 29.09-01.10.25 ж аралығында өткізілген «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты апталықтың іс-шарасы

Мәлімет

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 1- қазан - қарттар күні мерекесіне орай 29.09-01.10.25 ж аралығында өткізілген «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты апталықтың іс-шарасы өткізілді.

«Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты апталықтың іс -шарасы жасалып бекітілді. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді.Тәлімгердің ұйымдастыруымен «Мектеп айнасы» қабырға газеті жасалынды.

29.09 «Қарияға қол ұшын соз» тәрбие сағаттары 1-11 сыныптар арасында өткізілді.

30.09.25 ж «Қарты бар үйдің қазынасы бар» қарттарға көмек көрсету 9 «Г» Қарабаева Қ және

9 «Б» Жұмағұлова Г Биланова Светлана Уалиханов №95 үй Тайганова Лиза Өтемісұлы 20/2 тұратын қарияларымызға барып, жүрек жарды тілектерімен, ізгі ниеттерін білдіріп құттықтап қайтты.

30.09.25 ж Қарттар күнімен құттықтау 4 «А» Шушбай Н және 2 «А» Қазыбекова Г Ерназарова Күлаш апамызды құттықтап қайтты.

30.09.25 ж 1 «Ә» Асанбекова және 3 «Б» Құлыбаева Ханзада апайымыз Жантасова Боранкул апамызды қарттар күнімен құттықтады.

01.10.25 ж Қарттар күнімен Құттыбек Нұрлыбек атаны 4 «В» Батырбекова Ғ, 1 «Д» Керімбаева Зейнеп апайымыз құттықтады.


01.10.25 ж Қарттар күнімен Төленов Абдан атаны 3 «Д» Тағаева Ұ мен 3 «В» Кульбаева Балжан апайымыз құттықтады.

01.10.25 ж Қарттар күнімен Қызылбаев Тұрғын атаны 3 «Б» Сырлыбаева Г мен 4 «Ә» Сүйгенбаева Э құттықтады.

29.09.25 ж Мерекелік концерт «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты іс-шарасын тәлімгер өзін-өзі басқару ұйымымен өтізіп,қарияларымыздың бір кезде елі,халқы келешек ұрпағы үшін жасаған игі істерімен Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің тыныш, бейбіт өмір кешуіне қосқан үлестерімен бөлісіп, ақ батасын алды.

04.10.25 ж Онкүндікті қорытындылау белсенді қатысқан сыныптар мен оқушыларды марапаттау ДТЖО Ж. Жантасов, Ұ. Досалиева.

«Қарты бар үйдің – қазынасы бар» демекші,қарт кісіні құт береке деп тану ол ұрпақ көргендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

ДТЖО:  Ұ.Досалиева

Тәлімгер:  Г.Даутбаева

Қарттар күні



Қ.Тұрсынқұлов мектеп-гимназиясында ұстаздар күніне арналған «Ұстаз-деген жарық күні ғаламның» атты ұстаздар күніне орай өткізілген мерекелік іс-шараның

Мәліметі

23.09-03.10.25 ж «Ұстаз деген жарық күні ғаламның» атты апталықтың іс-шарасы түзілді. 23.09.2025 ж өзін-өзі басқару ұйымы оқушылары «Ұстазым –ұлағатым» тақырыбында кабырға газетерін ілді.

01-02.10.25 ж аралығында «Ұстазыма мың алғыс!» оқушылар арасында ұстаздарына челлендж жариялау. Ұстаздарды құттықтау 3«А» сынып жетекшісі Дүйсебек Х 2 «В»Каленова Ш 5 «Ә» Тұяқ З 6 «Б» Битөре А 7 «Д» Тоқтамұрат Б 6 «В» Мелдешбекова Г 7 «Б» Саткулова Н 8 «В»Азимбаева С 10 «А»Наширова А 10 «В» Наженова С өз сыныптарымен ұстаздарымызды құттықтады.

01-қазан күні мектебімізде «Ұстаз деген жарық күні ғаламның» атты мерекелік іс-шарасы болып өтті. Мерекелік іс-шара өз деңгейінде аталып өтілді. 3 «А» сынып Дүйсебек Ханзада апай Ардагер ұстазымыз Ысмайыл Бағила Мұратқызымен кездесу сабағын ұйымдастырды.

01.10.25 ж 9 «Ә» Құлмырзаева Гулвира апайымыз «Ұстаз ұлық емес ұлы қызмет» атты Ардагер ұстаз Абдулла Төлбасы Саттарқызымен кездесу сабағын ұйымдастырды.

02.10.25 ж Қ. Тұрсынқұлов мектеп-гимназия ұстаздар ұжымын үлкен қонырауда құттықтау. "Ұстаздарға мың алғыс!" 7 "В" »ернебай М,7 «Ә» Тулебаева Г, 8 «Г» Темирова А құттықтау өткізді.

02.10.25 ж Ер мұғалімдер арасында волейболдан жарыс өткізді Тастанов F, Себеков Ғалымжан ағай жарыс ұйымдастырды.

03.10.25 ж ДТЖО апталықты қорытындылады. Мектебіміздің директоры Каримов Смадияр Махмудұлы өз жылы лебізін білдіріп, ұстаздарымызды мерекемен құттықтап, іс-шараға қатысқан оқушыларға өз рақметін айтты. Әрі қарай мерекеге қатысқан барлық оқушылар сахнаға шығып, ұстаздарға және көрермендерге бас иіп мерекемізді аяқтады.

Осы мереке қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымы белсенділері таңғы және түскі ауысым мұғалімдерін ерекше ықыласпен күтіп алып, өз құттықтауларымен, сый-сияпаттарын жасады.

ДТЖО:  Ұ.Досалиева

Тәлімгер:  Г.Даутбаева

Ұстаздар күні



CHOCO DAY



Мәлімет

**CHOCO DAY – бүкіл әлемде шоколадты
жақсы көретін жандардың мерекесі
ретінде атап өтілетін күн. Бұл күні
адамдар өз жақындарына тәтті шоколад
сыйлап, қуаныш пен жақсы көңіл –күй
сыйлауды дәстүрге айналдырған.**

«Аяулы, алтын күз 2025» іс-шарасы

Мәліметі

Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында қазан айының 15-сы күні, 5-7 сыныптар арасында Аяулы, алтын күз 2025 іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.

Кештің басты мақсаты: «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізу, өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.

Кешімізді мектебіміздің мақтаныштары 9«А» сынып оқушысы Зұлпыхар Фариза және 9«А» сынып оқушысы Тәңіркүл Нұрай жүргізді.

Әділқазы алқасына Аманкулова Гулнара, Даутбаева Гулдана, Мейірбекова Айгул апайларымыз жайғасты.

Сайыс 5-кезеңнен тұрды.

1. «Кел танысайық» (оқушылар өздерін жеке және тобын таныстырады)
2. Өнер сайысы (ән айту, би билеу, көрініс, пародия)
3. Көрме, Үй тапсырмасы (күзгі дақылдардан 3 бейне жасау)
4. Сән үлгісі
5. Ханшайым мен Ханзада

Қатысушы сыныптар жоғарғы деңгейде өз өнерлерін көрсетті. Нәтижесінде 5«А» сыныбы «Бас жүлдені», 5«Е» сынып 1-орын, 2-орын 6«Ә» және 6«Д» сыныптары, 3-орын 6«Б» сыныптары иеленді, сондай-ақ 7«Б» сыныбы «Ең үздік сән үлгісі» номинациясымен, 7«А» сыныбы «Көрермен көзайымы» номинациясын иеленді. Ал сайыстың «Ханшайымы мен Ханзадасы» 5«Е» сынып оқушылары Сағымбекұлы Жантөре Жарқынбек Ұлмерей деп танылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кульбаева Азиза апайымыз Алтын күз 2025 кешін қорытындылап, жеңімпаз сыныптарды арнайы дипломмен мадақтап, қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, кешті көңілді нотада аяқтады.


ДТІЖО:

ТӘЛІМГЕР:

Кульбаева А
Даутбаева Г

Кульбаева А

Даутбаева Г



15 казан күні Алтын күз 5-10 сынып аралығында

Қ.Тұрсынқұлов мектеп-гимназиясында 25- қазан Республика күніне орай "Бала дауысы " жаппай мемлекеттік әнұран орындау және "Қыран-елім қазақстаным!" атты апталықты жариялау туралы іс-шараның

МӘЛІМЕТІ

"Бала дауысы " жаппай мемлекеттік әнұран орында 25 қазан Республика күніне орай "Қыран-елім қазақстаным!" тақырыбындағы іс - шара жоспарына сай "Бала дауысы" тақырыбында мемлекеттік әнұраны орындау бойынша 2-7 сыныптар аралығында әнұран орындалды. Бастауыш сынып оқушылары жиын барысында патриоттық хор орындады. Бас жүлдені 3 «А», I орын 2 «Ә», II орын 2 «Б», III орын 4 «В» орынға ие болды. Бас жүлде 5 «Ә», I орын 5 «Е», II орын 5 «А», III орын 5 «Б» сыныптары марапатталды. «Бала дауысы» байқауы осы мереке қарсаңында өтсе, ол балалардың отансүйгіштігін арттырып, ел болашағына сенім мен қуаныш сыйлайды. Ән арқылы балалар туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін білдіреді.

Шараның мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, ел рәміздерін қастерлеуге, халқының тегі мен тарихын білуге, ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің тұғырын берік ұстауға, нағыз ұлтжанды, рухы мықты азаматтық қасиеттерді дәріптеуге тәрбиелеу.

ДТЖО:  Ұ. Досалиева

Тәлімгер:  Г. Даутбаева



**25-қазан Республика күніне орай, «Бала дауысы- 2025»
патриоттық әндер байқауы 2-4 сыныптар**



Мәлімет

ДосболLIKE АКЦИЯСЫ өткізілді Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп- гимназиясында



«Дос болайық бәріміз» акциясы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту.

Балаларды көпшілікпен, ұстаздармен достармен жағымды қарым – қатынас жасауға үйрету.

Өзара сыйластық, өзара түсіністік, өзара көмек қарым – қатынастарын нығайту.

Дос болайық





Мәлімет

Экожоба «Таза табиғат - жарқын болашақ»

Экожоба – қоршаған ортаны қорғауға, табиғаттың тазалығын сақтауға және жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған бастама. Бұл жоба арқылы оқушылар мен жастар табиғатты аялау, табиғи ресурстарды үнемдеу, экожүйені қорғау және қалдықтарды дұрыс басқару дағдыларын меңгереді.

Экожоба «Таза табиғат – жарқын болашақ»





Мәлімет

Абай Құнанбаевтың 180 жыл

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп- гимназиясында ұлы ақын, ойшыл ағартушы «Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл» толуына орай ұйымдастырылған «Абай мұрасы-халық ұлағаты» атты онкүндік өз мәресіне жетті.Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен бұл он күндік білім мен тәрбиені қатар ұштастырған тағылымды шаралармен өрбіді.



Іс-шара барысында түрлі бағыттағы байқаулар,оқулар,көріністермен шығармашылық жұмыстар жүзеге асты.Оқушылар «Абайдың қара сөздерін» өлендерін жатқа айтып, «мәнерлеп оқу», «ән айту», «интеллектуалдық сайыс», «эссе байқауы», «бейнеролик түсіру» сынды бағыттарда өз шеберліктерін ортаға салды. Әрбір өткізген шара Абайдың мол мұрасын жас ұрпаққа жеткізуге, ой-толғауына себеп болды.

«Қорытынды кеште» жеңімпаз оқушылар марапатталды, өз өнерлерін ортаға салды.Ән шырқалып,өлең оқылып,көркемсөз оқушылар жүрегінен орын алды. Әр сыныптың дайындаған көріністері мен өнері кештің мазмұнын аша түсті.

Кеш соңында сөз алған мектеп әкімшілігі мен ұстаздар қауымы онкүндікке белсене қатысқан барлық оқушылар мен мұғалімдерге алғыс білдіріп, Абай мұрасын насихаттау жұмыстары жалғаса беретінін атап өтті.

А.Құнанбаевтың 180 жылдығында марапаттау





Мәлімет

Толағай жарысы- оқушылардың күш қуатын,ептілігін,шапшандығын арттыруды мақсат ететін ұлттық бағыттағы спорттық сайыс. Бұл жарыста қатысушылар түрлі эстафеталық кезеңдерден өтіп, өздерінің төзімділігі мен командалық бірлігін көрсетті.

Салтанат апайдың шәкірттерге деген қамқорлығы, талапшылығы және спортқа деген ынтасы жарыс барысында айқын көрінді.Оқушылар бірлікпен,ынтамен өнер көрсетіп, өздерінің спорттық қабілеттерін шыңдады. Толағай жарысы – оқушылардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тағылымды іс-шара.

0 «Б» сыныбынын Толағай жарысы

